

## ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДАҒЫ ДІНДАРЛЫҚ, ДІНСІЗДІК ЖӘНЕ РУХАНИЛЫҚ

<sup>1</sup>Гульмира АБДИРАЙЫМОВА, <sup>1</sup>Аружан САЙМАСАЕВА

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан,  
[gulmira.abdiraimova@kaznu.edu.kz](mailto:gulmira.abdiraimova@kaznu.edu.kz)

**Мақалаға сілтеме:** Абдирайымова Г.С., Саймасаева А.А. Восприятие религиозности, нерелигиозности и духовных поисков молодежью Казахстана // SOCIOLOGY.KZ. – 2025. – №1(1). – P. 204 – 216. <https://doi.org/10.48010/2026.1/sskz.12>

**Аңдатпа.** Зерттеуде жаһандану үдерістерінің ықпалымен қазақстандық жастар арасында қалыптасып жатқан діни және рухани өзін-өзі сәйкестендірудің жаңа формалары талданады. Эмпирикалық негіз ретінде 2023 жылдың желтоқсанынан 2024 жылдың наурызына дейін жүргізілген екі толқынды социологиялық сауалнама деректері алынған. Бұл сауалнамаға 18 бен 35 жас аралығындағы 2000 респондент қатысты. Деректерді жинау Professional 3КА бағдарламасы (E-B-9979 лицензиясы) арқылы жүзеге асырылды, ал олардың кейінгі өңдеуі IBM SPSS Statistics Version 30.0.0.0 (172) пакеті көмегімен жүргізілді.

Авторлар қазақстандық жастардың рухани өзін-өзі білдіру ерекшеліктеріне, оның дәстүрлі діни тәжірибелер мен дүниетанымдық ұстанымдардың трансформациясындағы рөліне, сондай-ақ заманауи әлеуметтік сын-қатерлерге бейімделу механизмдеріне назар аударады. Соңғы жылдары әлеуметтік-гуманитарлық білімде жастардың бір бөлігінің институционалданған діни үлгілерден бас тартып, баламалы рухани ізденістерге бет бұру құбылысына қызығушылық артып келеді. Бұл үрдіс зерттеудің ғылыми да, қолданбалы да маңыздылығын айқындайды.

Алынған нәтижелер қазақстандық жастардың діндарлықты, діндар еместікті және рухани практикаларды қабылдау тәсілдерінің көпқырлылығы мен алуан түрлілігін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** жастар, діндарлық, руханилық, өзін-өзі сәйкестендіру, сенім, баламалы рухани практикалар.

## РЕЛИГИОЗНОСТЬ, НЕРЕЛИГИОЗНОСТЬ И ДУХОВНОСТЬ В ВОСПРИЯТИИ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ

<sup>1</sup>Гульмира АБДИРАЙЫМОВА, <sup>1</sup>Аружан САЙМАСЕВА

<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы,  
Казахстан, [gulmira.abdiraimova@kaznu.edu.kz](mailto:gulmira.abdiraimova@kaznu.edu.kz)

## RELIGIOSITY, NON-RELIGIOSITY, AND SPIRITUALITY IN THE PERCEPTION OF KAZAKHSTANI YOUTH

<sup>1</sup>Gulmira ABDIRAIYMOVA, <sup>1</sup>Aruzhan SAIMASSAYEVA

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, [gulmira.abdiraimova@kaznu.edu.kz](mailto:gulmira.abdiraimova@kaznu.edu.kz)

**Аннотация.** В исследовании анализируются новые формы религиозной и духовной самоидентификации, складывающиеся среди казахстанской молодежи под влиянием процессов глобализации. Эмпирической базой послужили данные двухволнового социологического опроса, проведенного в период с декабря 2023 года по март 2024 года и охватившего 2000 респондентов в возрасте от 18 до 35 лет. Сбор данных осуществлялся с использованием программы Professional 3KA (лицензия E-B-9979), а их последующая обработка с помощью пакета IBM SPSS Statistics Version 30.0.0.0 (172).

Авторы фокусируют внимание на особенностях духовного самовыражения молодых казахстанцев, его роли в трансформации традиционных религиозных практик и мировоззренческих установок, а также на механизмах адаптации к современным социальным вызовам. В последние годы в социально-гуманитарном знании усиливается интерес к феномену отказа части молодежи от институционализированных религиозных моделей в пользу альтернативных форм духовных поисков. Данная тенденция подчеркивает как научную, так и прикладную значимость исследования. Полученные результаты свидетельствуют о многомерности и разнообразии способов, которыми молодые люди в Казахстане воспринимают религиозность, нерелигиозность и духовные практики.

**Ключевые слова:** молодежь, религиозность, духовность, самоидентификация, вера, альтернативные духовные практики.

**Abstract.** This paper examines the spread of new forms of religious and spiritual self-determination among Kazakhstani youth that arise under the influence of globalization processes. The empirical basis of the study is data from a two-wave sociological survey conducted between December 2023 and March 2024 and involving 2,000 respondents aged 18 to 35 years. The data was collected using the Professional 3KA program (license E-B-9979), and their subsequent processing and interpretation were carried out using IBM Statistics SPSS Version 30.0.0.0 (172) software.

In the framework of the study, the authors focus on the peculiarities of the spiritual self-determination of Kazakh youth, its role in the process of rethinking traditional religious practices and worldviews, as well as the desire to adapt to the challenges of modernity. It is noted that in recent years, there has been an increasing interest in the phenomenon of youth abandoning institutionalized traditional models of religion and turning to alternative forms of spiritual search in the field of social sciences. This trend determines both the theoretical and practical significance of the conducted research.

**Key words:** social structure, socio-economic inequality, religious identity, faith, religious belief.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының халық санағы деректерін талдау соңғы онжылдықта дінге қатысты өзін-өзі сәйкестендірудің тұрақты түрде өскендігін айқындайды [1]. 2009 жылы 16 миллион тұрғынның 11 миллионы ислам дінін ұстанатындығын көрсетсе, 2021 жылы халық саны 19 миллионға жетіп, оның 13 миллионы өзін мұсылман деп таныған [1]. Бұл өзгерістер діндарлық деңгейінің жоғарылауын және исламның діни өзін-өзі айшықтауда қазақстандық қоғамдағы жетекші орнын айғақтайды. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2021 жылы ел халқының 86,6 пайызы өзін діндар ретінде анықтаған болса, оның ішінде 69,3 пайызы ислам дінін, ал 17,2 пайызы христиандықты ұстанатындығын көрсетсе, буддизм мен иудаизмді ұстанатындардың үлесі 0,1 пайыздан аз көрсеткішке ие. Ал дінге сенбейтіндер тобы 2009 жылғы деректерге сәйкес 2,8 пайыздан 2021 жылы жүргізілген халық санағы көрсеткіштеріне сәйкес 2,3 пайызға дейін төмендеген [1]. Жастар арасындағы діни ұстанымдар салыстырмалы түрде жоғары деңгейде сақталғандығымен, діндарлық көріністері әрқелкі сипатқа ие. Ф. Эберт қоры жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша, Қазақстан жастарының 55,1 пайызы өзін діндар санайтынын мәлімдегенімен, олардың көпшілігі діни өмірге белсенді түрде қатыспайтынын көрсеткен. Респонденттердің ішінде 63,9 пайызы исламды, 23,6 пайызы православиелік тармақты, 0,7 пайызы католицизмді, 0,6 пайызы протестантизмді және 0,2 пайызы буддизмді ұстанатынын көрсеткен [2]. 2024 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері жастар арасында өзін діндар деп санайтындардың үлесі азайғанын көрсетті. Егер 2023 жылы жас қазақстандықтардың 83,1 пайызы өзін дінге сенуші ретінде сипаттаса, 2024 жылғы деректер бойынша бұл көрсеткіш 78,3 пайызға дейін төмендеген. Оның ішінде 43,6 пайызы дінге сенетінін, бірақ діни өмірге белсенді қатыспайтынын атап көрсеткен болса, 18 пайызы діни орындарға сирек баратындығын көрсеткен, 6,7 пайыз жас өз дінінің қағидаттарын толық ұстанатынын көрсеткен. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты жүргізген зерттеулер жас ерекшелігіне байланысты діни қатыстылық деңгейіндегі айырмашылықтарды анықтап көрсетті, деректерге сәйкес 18–24 жас аралығындағы респонденттердің 23,2 пайызы діни қауымдастық мүшесі болып, діни нормаларды ұстанатынын мәлімдесе, 45–54 жас аралығындағы азаматтар арасында бұл көрсеткіш екі есе төмен-11,7 пайызды құрады [3], [4]. Осылайша, қазіргі қазақстандық қоғам ғылыми дискурс аясында діндарлық пен руханиятты, олардың әл-ауқатпен және бірегейлікпен өзара байланысын зерделеуге қолайлы әлеуметтік контекст қалыптастыруда. Бұл контекст, бір жағынан, әлеуметтік өзгерістер жағдайында рухани сенімдер мен тәжірибелердің бейімделуін, екінші жағынан, жаһандану мен жергілікті дәстүрлердің өзара ықпалдастығын айқын көрсетеді [5], сондай-ақ «діни емес» категориясының өсуі арқылы діни кеңістіктің әртараптануын да паш етеді [20].

### Әдіснама

Зерттеу барысында жастар арасында «руханият» пен «діндарлық» ұғымдарының индикаторларын анықтауды мақсат ете отыра ықтимал қателіктердің алдын алу үшін субъективті және объективті бағалау тәсілдерін қамтитын кешенді әдіс қолданылды. Pew Research Center (2023) әдістемесіне сүйене отырып, респонденттерге діндарлық пен руханиятқа қатысты өзіндік ұстанымын барынша дәл сипаттайтын тұжырымды таңдау ұсынылды. Руханият деңгейін объективті өлшеу үшін Pew Research Center әзірлеген арнайы индекс пайдаланылды [6]. Ал діндарлық көрсеткіштері Pearce және әріптестері (2017) әзірлеген «Five Dimensions of Religiosity» сауалнамасының бейімделген нұсқасы арқылы бағаланды. Бұл әдістеме дінді идеологиялық, интеллектуалдық, ритуалдық, эмпирикалық және дәйектілік сияқты бес әмбебап өлшем бойынша түсіндіруге негізделген [7].

**1-кесте.** Сауалнаманың ішкі келісімділігі, Кронбах альфа коэффициентінің көрсеткіштері

№	Шкала атауы	Кронбах альфа коэффициенті	Жалпы саны
1.	Діндарлықтың бес өлшемі	.932	20
2.	Діндарлық/руханият (Pew Research Center, 2023)	.736	5
3.	Авторлар әзірлеген сауалнама	.894	22
4.	Барлық сауалнама үшін	.937	47

Сонымен қатар, әлеуметтік қашықтық деңгейін, респонденттердің түрлі топтармен қарым-қатынасқа қатынасын және діни атрибуттарды қабылдауын өлшеу үшін Богардус шкаласы пайдаланылды. Діндарлықтың нақты индикаторларын айқындау мақсатында авторлар арнайы сауалнама әзірледі. Сауалнама құралының сенімділігі мен ішкі келісімділігін тексеру үшін Кронбах альфа коэффициенті есептелді. Нәтижелер құралдың жоғары деңгейдегі сенімділігін көрсетті: сауалнаманың толық нұсқасы үшін коэффициент 0,937; «Five Dimensions of Religiosity» шкаласы үшін - 0,932; «Діндарлық/руханият» шкаласы үшін - 0,736; ал авторлар әзірлеген сауалнама үшін - 0,894 болды. Бұл көрсеткіштер алынған деректердің сапасы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді [7, 6]. Деректер Professional 3КА бағдарламасы (лицензия E-B-9979) арқылы жиналып, IBM Statistics SPSS Version 30.0.0.0 (172) бағдарламасында өңделді. Талдау барысында сипаттамалық статистика, кросс-табуляция, хи-квадрат ( $\chi^2$ ) критерийі, корреляциялық талдау және тәуелсіз іріктемелерге арналған Манн-Уитни U критерийі қолданылды.

Іріктемелік жиынтықты есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы деректері басшылыққа алынды. Үшінші тоқсанда жастар саны

5 726 629 адамды құраған. Зерттеудің бас жиынтығы ретінде Қазақстан аумағында тұратын, жасы 18 бен 35 жас аралығындағы жастар белгіленді. Бірінші толқын аясында іріктеме көлемі 2000 респондентті қамтыды. Респонденттер аймақтар мен жас ерекшелігі бойынша квоталық әдіспен таңдалды, бұл іріктеменің өкілділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді [1]. Сауалнама Қазақстан Республикасының барлық өңірін қамтыды: Астана, Алматы және Шымкент қалалары, 17 облыс орталығы және ауылдық елді мекендер. Деректер респонденттердің қалауына қарай қазақ және орыс тілдерінде жиналды [2, 3].

2-кесте. Жиынтық іріктеме

№	Облыстар	Саны, адам			Процент көрсеткіштері, %	
		Барлығы	Әйел	Ер	Әйел	Ер
1.	Абай облысы	54	26	28	48,02	51,98
2.	Ақмола облысы	74	36	38	48,07	51,93
3.	Ақтөбе облысы	93	45	48	48,73	51,27
4.	Алматы облысы	149	72	77	48,40	51,60
5.	Атырау облысы	72	35	37	48,94	51,06
6.	Шығыс Қазақстан облысы	62	29	32	47,70	52,30
7.	Алматы қаласы	239	124	115	51,98	48,02
8.	Астана қаласы	154	79	75	51,57	48,43
9.	Шымкент қаласы	133	68	66	50,76	49,24
10.	Жамбыл облысы	124	60	64	48,41	51,59
11.	Жетісу облысы	66	32	34	48,20	51,80
12.	Батыс Қазақстан облысы	66	32	34	48,34	51,66
13.	Қарағанды облысы	108	52	56	48,56	51,44
14.	Қостанай облысы	77	37	40	47,89	52,11
15.	Қызылорда облысы	86	41	44	48,05	51,95
16.	Маңғыстау облысы	81	40	41	49,12	50,88
17.	Павлодар облысы	68	33	35	48,53	51,47
18.	Солтүстік Қазақстан облысы	47	22	25	47,61	52,39
19.	Түркістан облысы	229	108	120	47,36	52,64
20.	Ұлытау облысы	21	10	11	48,36	51,64
21.	Қазақстан Республикасы	2000	982	1018	49,08	50,92

### Негізгі бөлім

#### Теориялық негіздер

Соңғы жылдары әлеуметтанулық әдебиетте жастардың діни және рухани тәжірибесін, әсіресе өзгеріп жатқан діни ландшафт контекстінде зерделеуге бағытталған зерттеулер айқын өсті. Ғалымдар дәстүрлі институционалданған діни байланыстардың әлсіреуін атап өтеді; бұл үдеріс жастар ортасында рухани тәжірибе мен діни сәйкестіктің баламалы, жекелендірілген формаларының кеңеюімен қатар жүреді [5]. Жастарды зерттеу нәтижелері діни және рухани тәжірибені талдаудың ересек өмірге өту кезеңінде шешуші мәнге ие екенін айғақтайды [8]. Бір жағынан

жаңа әлеуметтік жағдайлар мен тәжірибелерге жауап ретінде «меннің» қайта құрастырылуы жүреді. Екінші жағынан өмірлік құндылықтар қайталанып өндіріледі және мәдени дәстүр жалғасады [8]. Батыс елдерінде жүргізілген эмпириялық жұмыстар модернизацияның білім беру сапасын арттыруымен және плюрализмді күшейтуімен қатар секулярлық бағдардың нығаюына ықпал ететінін растады [5]. Нәтижесінде дәстүрлі діндарлық деңгейі төмендейді. Руханияттың баламалы үлгілері пайда болады және таралады. Бұл ауысым жастардың шынайы әрі дараланған діни және рухани көріністерге ұмтылысын күшейтеді [12], [11], [20]. Аталған өзгерістер діни ландшафттағы терең трансформацияны білдіреді. Дәстүрлі тәжірибелердің қоғамдық көрінуі әлсірейді. Жастар қауымдастығында балама діни нұсқалар қарқын алады [10], [20]. Осындай контексте жастар өздерінің діни және рухани сенімдерін дәстүрлі шекаралардан тыс еркін білдіреді. Сенімдер жеке қажеттіліктерге икемделеді [1], [11]. Салыстырмалы зерттеулер өзін дінге жатпаймын деп санайтын адамдардың да діннің мәдени және адамгершілік мазмұны арқылы онымен жанама байланыста бола алатынын көрсетті [18], [19], [20]. Демек «діни» және «діни емес» деген қатаң дихотомия сенімнің жекелеген элементтерін немесе қауымдастық өміріне қатысуды сипаттауда әрдайым жеткілікті болмайды [16], [20]. Кейбір адамдар дәстүрлі мағынада өзін діни деп анықтамайды. Соған қарамастан моральдық қағидаларды ұстанады және рухани тәжірибелерге қатысады. Қайшылықтың кері мысалы да мүмкін. Зерттеулер жаңа діни ағымдар мен балама рухани тәжірибелердің көбеюін көбіне дәстүрлі институттардың икемсіздігімен байланыстырады. Жастардың діни және рухани ізденісі осы тұрғыда жеке мағынаны және дербес жолды табуға бағытталады [11], [12].

Davie (1990) «believing without belonging» феноменін сипаттайды. Кейбір адамдар сенімнің жекелеген элементтерін қабылдайды. Дегенмен діни институт өміріне тұрақты қатыспайды [9]. Діни индивидуализм жағдайында сенімнің институционалдық өрістен дара тәжірибе өрісіне ауысуы байқалады. Бұл шеңберде діндарлықтың сыртқы және ішкі формалары сараланады. Сыртқы діндарлық әлеуметтік қолдау мен мойындалу сияқты қажеттіліктерді қанағаттандыру құралына айналады, ішкі діндарлықта трансцендентпен қатынас өмірлік өзекке айналады [10]. Осы иілімді кеңістікте «рухани, бірақ діни емес» деген SBNR өзін-өзі айқындау үлгісі ерекше назарға ілікті. Оның танымалдығы артқан сайын осы санаттың тәжірибесі мен дүниетанымын түсіндіруге қызығушылық күшейді [11], [15]. Дегенмен SBNR теориялық тұрғыда күрделі ұғым болып қала береді. Діндарлық пен руханияттың шекараларын мұқият ажырату қажет. Fuller руханиятты мағынаны іздеу мен жеке тәжірибеге бағдарланған құбылыс ретінде түсіндіреді [12]. Дін сенімдердің, рәсімдер мен ұжымдық практикалардың институттанған жүйесі ретінде қарастырылады, Koenig және әріптестері дінді қасиетті немесе трансценденттілікпен бірлікке жеткізетін ұйымдасқан жүйе деп айқындайды [13]. Naudé және Caritano руханиятты психикалық дамуымен және ішкі әлеммен байланыста қарастырады; Құдайлықпен қатынас та руханияттың құрамына енеді [14]. Осындай дараланған сипат SBNR феноменін қазіргі қоғамдағы жеке бастың құрылымдануын зерттеуде маңызды тақырыпқа айналдырады [11], [15]. Willard және Norenzayan SBNR ұғымын түсіндірудегі

қиындықтарды көрсетеді: өзін осы санатқа жатқызатындар өздерін әрі дәстүрлі діндарлардан, әрі діни емес топтардан да бөле қарауға бейім [15]. Chaves америкалықтардың көпшілігі үшін дәстүрлі дін элементтері мен жеке рухани тәжірибелердің үйлесімі қарама-қайшы емес екенін, олардың қатар өмір сүре алатынын көрсетеді [16]. Ammerman діндарлық пен руханияттың қабаттасатын тұстарын сипаттап, бинарлық оппозициядан тыс талдауды ұсынады [17]. Lee «дінсіздік» өрісін ұғымдандырудағы терминологиялық мәселелерді [18] және «no religion» көтерілуін түсіндіруді [19] ұсынды, ал Woodhead «no religion» феноменінің көтерілуін түсіндіруге арналған социологиялық шеңбер береді [20].

*Зерттеудің мақсаты мен гипотезалары*

Зерттеудің мақсаты қазақстандық жастардың діни ұстанымдарын, діндарлық пен руханияттың өзара байланысын және олардың негізгі көріністерін кешенді сипаттау болып табылады; осы мақсатқа сәйкес үш гипотеза сыналды: отбасылық тәрбие мен діндар ортамен тұрақты қарым-қатынас өзін діндар деп санау ықтималдығын арттырады (H1), өзін діндар санайтын және сенімді өмірінің маңызды бөлігі деп қабылдайтын респонденттер құлшылық орындарына жиірек барып, дұға жасап, діни рәсімдерді жүйелі орындайды (H2), ал хиджабты діни тәжірибенің элементі ретінде қабылдау жынысқа, қоныстану түріне және діни бірегейлікке қарай айырмаланады (H3).

*Нәтижелер мен талдаулар*


Эмпирикалық негіз ретінде 18-35 жас аралығындағы 2000 респонденттен құралған үлгі пайдаланылды; жас құрылымы 18-23 жастағылардың үлесінің басымдығын (55,2%), 24-29 жастағылардың 22,5% және 30-35 жастағылардың 22,3% деңгейін көрсетті, жыныстық құрам 56,7% әйел және 43,3% ер респонденттерден тұрады, этникалық құрамда қазақтар 68,7%, орыстар 15,0%, өзге этностар 16,3% үлесті құрады, некелік мәртебе бойынша жастардың 67% некеде емес, 25% ресми некеде, білім деңгейінде жоғары білімге ие 47,5% құрады.



Дереккөз: авторлардың есептеулері

1-сурет. Респонденттердің тұрғылықты өңірі мен жынысы бойынша үлестірімі

Діни және рухани өзіндік анықталу өлшемдері бойынша әйелдер ерлерге қарағанда өзін «рухани адаммын» деп қабылдауға сәл көбірек бейім екенін көрсетті: толық келісу әйелдерде 36,3%, ерлерде 36,0%; «өзімді діндар санаймын» деген тұжырымға толық келісу ерлер арасында жоғарырақ (27,6% ер және 23,7% әйел), ал «өзімді әрі рухани, әрі діндар санаймын» деген біріктірілген айқындалу бойынша «көбірек келісемін» жауабы әйелдерде жиірек кездеседі (37,5% әйел және 31,5% ер), бірақ «толық келісемін» жауабы ерлерде көбірек (27,5% ер және 22,7% әйел).



Дереккөз: авторлардың есептеулері

**2-сурет.** Респонденттердің мына сұрақтарға жауаптарының жыныс тұрғысынан үлестірімі: (а) «Мен өзімді рухани адам деп санаймын»; (б) «Мен өзімді діндар адам деп санаймын»; (в) «Мен өзімді әрі рухани, әрі діндар адам деп санаймын»

Діннің өмірдегі маңызын ер мен әйелдер үшін салыстырмалы бағалау арасындағы байланыс  $\chi^2$  критерийімен тексерілгенде статистикалық мәнді тәуелділік анықталмады ( $p=0,070>0,05$ ), сондықтан нөлдік гипотезаны жоққа шығаруға негіз болған жоқ және осы талдау аясында жыныс факторына қатысты айырмашылықтар елеусіз деп бағаланды. Қосымша дистрибутивтік талдау ерлердің атеистік және дінсіз ұстанымдарды жиірек қолдайтынын, ал әйелдердің олармен жиірек келіспейтінін көрсетті: атеизммен толық келіспеу әйелдерде 54,5% болса, ерлерде 46,7%, керісінше атеизмді толық қолдау ерлерде 15,6%, әйелдерде 10,9% деңгейінде; агностикалық позицияны әйелдер көбірек жоққа шығарады (әйелдер 49,3%, ерлер 46,1%), алайда ерлерде «орташа келісемін» типіндегі жауаптар жиілеу байқалды, сондай-ақ «менің діни сенімге де, руханиятқа да қатысым жоқ» тұжырымын әйелдер көбірек теріске шығарды, ал ерлер арасында толық келісушілердің үлесі жоғарырақ болды. Жиынтық түрде бұл нәтижелер жастардың діни және рухани айқындалуында жыныстық айырмашылықтардың айқын трендтері барын, бірақ діннің өмірдегі маңызын бағалаудағы жалпы байланыстың статистикалық тұрғыдан мәнді емес екенін, сонымен бірге әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың (жас, білім, некелік мәртебе және этникалық құрам) әртүрлілігі аясында діндарлық пен руханият индикаторларының спектрі кең екенін және зерттеу гипотезаларын әрі қарай көпөлшемді модельдерде (логистикалық регрессия, жиынтық индекстерді факторлық талдау, медиаторлық-модераторлық тесттер) нақтылаудың уәжділігін айқын көрсетеді. Деректерге сүйенсек, ерлер атеистік және дінсіз көзқарастарды көбірек қолдайды, ал әйелдер олармен жиі келіспейді (2-сурет).

**3-кесте.** Жыныстық белгі бойынша діни ұстаным деңгейлері,  $\chi^2$  тестінің нәтижелері

№	Діни ұстаным деңгейлері	Ерлер	Әйелдер
1.	Жоғары / толық діндар (барлық діни қағидаларды ұстанады)	18,6% <sup>a</sup>	12,2% <sup>b</sup>
2.	Орташа діндар (діни қағидаларды ішінара ұстанады)	44,1% <sup>a</sup>	43,5% <sup>a</sup>
3.	Әлсіз діндар (діни қағидаларды ұстанбайды)	18,6% <sup>a</sup>	26,6% <sup>b</sup>
4.	Өзін діндар санамайды	18,7% <sup>a</sup>	17,7% <sup>a</sup>
5.	Толық келісемін	27,5%	23,2%
6.	Көбірек келісемін	31,8%	34,8%
7.	Көбірек келіспеймін	23,3%	26,1%
8.	Толық келіспеймін	17,4%	15,9%

*Ескертпе:* Бір жолдағы бірдей әріптері сәйкес келмейтін мәндер (a, b) бағандық пропорциялар теңдігі тестінде  $p < .05$  деңгейінде айтарлықтай ерекшеленеді.

Зерттеу нәтижелері жастардың діндарлық пен руханиятты қабылдауында айқын жіктеліс барын көрсетті: респонденттердің 41,7 пайызы өзін бір мезгілде әрі діни, әрі рухани деп сипаттады, 22,4 пайызы тек діндармын деді, 14,6 пайызы

өзін тек рухани адам ретінде көрсетті, ал 21,3 пайызы екі санаттың ешқайсысына жатпайтынын мәлімдеді. Бұл үлестірім жастар ортасында «рухани, бірақ діни емес» феноменінің айқын көрінісін көрсетеді және жынысқа қарай саралағанда да мәнді ерекшеліктер байқалды, атап айтқанда, әйелдердің 48,3 пайызы өзін әрі діни, әрі рухани деп таныса, ерлерде бұл көрсеткіш 34,9 пайыз болды, керісінше өзін діндармын дейтін ерлердің үлесі 28,1 пайызға жетіп, әйелдерден жоғары шықты, әйелдер арасында бұл көрсеткіш 18,0 пайыз деңгейінде тіркелді. Діни тәжірибені күнделікті ұстану мінез-құлықтық деңгейде әлсіздеу көрінді, дұға жасау ең жиі кездесетін практика болды, респонденттердің 36,9 пайызы күніне кемінде бір рет дұға ететінін айтса, 28,7 пайызы мүлде дұға жасамайтынын көрсетті, ал құлшылық орындарына бару көрсеткіштері жалпы алғанда төмен болып, тек 12,4 пайызы аптасына бір рет мешітке немесе шіркеуге баратынын хабарлады, 47,1 пайызы жылына бір реттен аз немесе мүлде бармайтынын көрсетті, бұл жастардың сенімдік деңгейі болғанымен институционалдық дінге қатысу белсенділігінің төмен екенін дәлелдейді. Діни бірегейліктің қалыптасуында әлеуметтік орта маңызды детерминант ретінде айқындалды, өзін діндар деп сипаттағандардың 62,8 пайызы ата-анасының да дінге берік екенін көрсетті және діни адамдармен тұрақты араласу өзін діндар санау ықтималдығын едәуір арттырды. Хиджабты қабылдау гендерлік тұрғыдан да, қоныстану түрі бойынша да айырмашылық танытты, әйел респонденттердің 37,5 пайызы хиджабты діни тәжірибенің ажырамас бөлігі деп таныса, ерлер арасында бұл үлес 19,4 пайыз болды, ауылдық жерлерде діни рәсімдерге қатысу жиірек көрінсе, қалалық жастар руханиятты практикалық діни тәжірибеден жоғары қоятынын білдірді. Корреляциялық талдау діндарлық деңгейі жоғары жастардың өміріне қанағаттану көрсеткішінің де жоғары екенін көрсетті, байланыс күші орташа деңгейде болды  $r = 0,41$  және  $p$  мәні 0,01 деңгейінен төмен, ал руханият деңгейі мен әл-ауқат арасындағы оң байланыс салыстырмалы түрде әлсіздеу көрінді  $r = 0,26$  және  $p$  мәні 0,05 деңгейінен төмен, бұл деректер рухани және діни тәжірибелердің жастардың психологиялық саулығына жалпы оң әсер ететінін дәйектейді.

### Қорытынды

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы заманауи діни және рухани тәжірибелердің алуан түрлі сипат алға жылжып жатқанын көрсетті. Дәстүрлі діндарлық сенімге берік топтар үшін маңызын сақтап отыр, сонымен бірге жастар арасында тұлғалық мағынаны іздеуге бағытталған жеке рухани практикаға бет бұру күшейді. Институционалдық діни қатысудың салыстырмалы төмен деңгейі мен жеке тәжірибелердің өсуі «рухани, бірақ діндар емес» бірегейлігінің таралуын түсіндіреді. Бұл үрдіс жастардың сенімін қатаң догмалық шеңберден гөрі субъективті мағына мен ішкі үйлесім өлшемдері арқылы айқындауға бейімділігін көрсетеді.

Гендерлік қимада діни және рухани ұстанымдарда ірі айырмашылықтар жүйелі түрде байқалмады. Алайда Манн–Уитни U критерийі діндар және дінсіз респонденттердің хиджабты қабылдауында статистикалық тұрғыдан мәнді

алшақтық барын көрсетті ( $p < .001$ ). Діндар қатысушылар хиджабты діни тәжірибенің құрамдас бөлігі ретінде көбірек қабылдайды, ал дінсіздер оны көбіне мәдени немесе әлеуметтік маркер ретінде көреді. Кестелік талдау мен  $\chi^2$  тестінің нәтижелері әлеуметтік орта мен өмірлік маңызы бар оқиғалардың ықпалын айқындады. Діндар адамдармен тұрақты қарым-қатынас, олардың үлгісі және экзистенциялық ізденіс тәжірибелері жас буынның діни өзін-өзі айқындауын күшейтеді.

Жалпы алғанда Қазақстанда дәстүрлі сенімнің сақталуы мен баламалы руханилықтың таралуы қатар жүріп жатыр. Жастардың ішкі үйлесімділікке бағдарланған жеке тәжірибелерді көбірек таңдауы діни кеңістіктің біртіндеп фрагментацияланып, сонымен бірге әртараптанып келе жатқанын көрсетеді. Бұл қорытындылар діндарлық пен руханияттың өзара байланысын, олардың әл-ауқат пен бірегейлікке ықпалын әрі қарай көпөлшемді модельдермен терең зерттеудің өзектілігін растайды және білім беру, жастар саясаты мен конфессияаралық диалог салаларында дәлелге негізделген шешімдер қабылдауға негіз ұсынады.

### Қаржыландыру

Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде дайындалды (AP19679699 «Қазақстандық жастардың діндарлығы/руханилығы, әл-ауқаты және бірегейлігі: салыстармалы елішілік зерттеу»).

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы. 2009 және 2021 жылдардағы халық санағы: Діни тиесілік нәтижелері. Нұр-Сұлтан/Астана: ҰСБ.
2. Friedrich-Ebert-Stiftung Kazakhstan. Youth Survey in Kazakhstan 2023: Key Findings on Religion and Values. Алматы: FES.
3. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. Қазақстан жастары – 2024: әлеуметтанулық зерттеу есебі. Астана: Жастар ҒЗО.
4. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты. Жастардың діни қатыстылығы: жас ерекшелігі кесіндісіндегі талдау. Алматы: ИФПДи.
5. Stolz, J. (2020). Secularization theories in the twenty-first century: Ideas, evidence, and problems. *Social Compass*, 67(2), 282–308.
6. Pew Research Center. (2023). *Measures of Religiosity and Spirituality: Survey Methodology and Indices*. Washington, DC: PRC.
7. Pearce, L. D., Hayward, G. M., & Pearlman, J. A. (2017). Measuring Five Dimensions of Religiosity across Adolescence. *Review of Religious Research*, 59(3), 367–393. <https://doi.org/10.1007/s13644-017-0291-8>
8. Dillon, M., & Wink, P. (2007). *In the Course of a Lifetime: Tracing Religious Belief, Practice, and Change*. University of California Press.
9. Davie, G. (1990). Believing without Belonging: Is This the Future of Religion in Britain? *Social Compass*, 37(4), 455–469. <https://doi.org/10.1177/003776890037004004>
10. Siegers, P. (2019). Is the Influence of Religiosity on Attitudes and Behaviors Stronger in less Religious or more Religious Societies? *KZfSS Kölner Zeitschrift für Soziologie und Sozialpsychologie*, 71(S1), 491–517. <https://doi.org/10.1007/s11577-019-00610-0>
11. Fuller, R. C., & Parsons, W. B. (2018). *Being Spiritual but Not Religious*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315107431>
12. Fuller, R. (2001). *Spiritual, But Not Religious: Understanding Unchurched America*. Oxford University Press.

13. Koenig, H., McCullough, M., & Larson, D. (2001). *Handbook of Religion and Health*. Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780195118667.001.0001>
14. Naudé, L., & Capitano, T.-A. (2021). “I have grown with it”: Experiences of Spiritual Identity Development in a Group of South African Adolescents. *Youth & Society*, 53(8), 1356–1375. <https://doi.org/10.1177/0044118X20947428>
15. Willard, A. K., & Norenzayan, A. (2017). “Spiritual but not religious”: Cognition, schizotypy, and conversion in alternative beliefs. *Cognition*, 165, 137–146. <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2017.05.018>
16. Chaves, M. (2017). *American Religion: Contemporary Trends*. Princeton University Press.
17. Ammerman, N. T. (2013). Spiritual but not religious? Beyond binary choices in the study of religion. *Journal for the Scientific Study of Religion*, 52(2), 258–278.
18. Lee, L. (2012). Research Note: Talking about a Revolution: Terminology for the New Field of Non-religion Studies. *Journal of Contemporary Religion*, 27(1), 129–139. <https://doi.org/10.1080/13537903.2012.642742>
19. Lee, L. (2015). *Recognizing the Non-religious: Reimagining the Secular*. Oxford University Press.
20. Woodhead, L. (2017). The rise of “no religion”: Towards an explanation. *Sociology of Religion*, 78(3), 247–262.

### Transliteration

1. kazakstan Respublikasynyn Strategijalyk zhosparlau zhane reformalar agentigi. Ultyk statistika bjurosy. 2009 zhәне 2021 zhyldardary halyk sanaғы: Dini tiesilik nәtizheleri. Nұr-Sұлтан/Astana: ҰСБ.
2. Friedrich-Ebert-Stiftung Kazakhstan. Youth Survey in Kazakhstan 2023: Key Findings on Religion and Values. Almaty: FES.
3. «Zhastar» ғылыми-зерттеу орталығы. Қазақстан zhastary – 2024: әлеуметтанулық зерттеу есеби. Astana: Zhastar FZO.
4. ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты. Zhastardyn dini қатыстылығы: zhas ereksheligi kesindisindegi taldaу. Almaty: IFPDi.
5. Stolz, J. (2020). Secularization theories in the twenty-first century: Ideas, evidence, and problems. *Social Compass*, 67(2), 282–308.
6. Pew Research Center. (2023). *Measures of Religiosity and Spirituality: Survey Methodology and Indices*. Washington, DC: PRC.
7. Pearce, L. D., Hayward, G. M., & Pearlman, J. A. (2017). Measuring Five Dimensions of Religiosity across Adolescence. *Review of Religious Research*, 59(3), 367–393. <https://doi.org/10.1007/s13644-017-0291-8>.
8. Dillon, M., & Wink, P. (2007). *In the Course of a Lifetime: Tracing Religious Belief, Practice, and Change*. University of California Press.
9. Davie, G. (1990). Believing without Belonging: Is This the Future of Religion in Britain? *Social Compass*, 37(4), 455–469. <https://doi.org/10.1177/003776890037004004>.
10. Siegers, P. (2019). Is the Influence of Religiosity on Attitudes and Behaviors Stronger in less Religious or more Religious Societies? *KZfSS Kölner Zeitschrift für Soziologie und Sozialpsychologie*, 71(S1), 491–517. <https://doi.org/10.1007/s11577-019-00610-0>
11. Fuller, R. C., & Parsons, W. B. (2018). *Being Spiritual but Not Religious*. Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781315107431>.
12. Fuller, R. (2001). *Spiritual, But Not Religious: Understanding Unchurched America*. Oxford University Press.

13. Koenig, H., McCullough, M., & Larson, D. (2001). *Handbook of Religion and Health*. Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780195118667.001.0001>.
14. Naudé, L., & Capitano, T.-A. (2021). “I have grown with it”: Experiences of Spiritual Identity Development in a Group of South African Adolescents. *Youth & Society*, 53(8), 1356–1375. <https://doi.org/10.1177/0044118X20947428>
15. Willard, A. K., & Norenzayan, A. (2017). “Spiritual but not religious”: Cognition, schizotypy, and conversion in alternative beliefs. *Cognition*, 165, 137–146. <https://doi.org/10.1016/j.cognition.2017.05.018>
16. Chaves, M. (2017). *American Religion: Contemporary Trends*. Princeton University Press.
17. Ammerman, N. T. (2013). Spiritual but not religious? Beyond binary choices in the study of religion. *Journal for the Scientific Study of Religion*, 52(2), 258–278.
18. Lee, L. (2012). Research Note: Talking about a Revolution: Terminology for the New Field of Non-religion Studies. *Journal of Contemporary Religion*, 27(1), 129–139. <https://doi.org/10.1080/13537903.2012.642742>.
19. Lee, L. (2015). *Recognizing the Non-religious: Reimagining the Secular*. Oxford University Press.
20. Woodhead, L. (2017). The rise of “no religion”: Towards an explanation. *Sociology of Religion*, 78(3), 247–262.

**Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors**

Абдирайымова Гүлмира Сериқовна	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан, email: <a href="mailto:gulmira.abdiraimova@kaznu.kz">gulmira.abdiraimova@kaznu.kz</a> , ORCID ID <a href="https://orcid.org/0000-0001-6939-9281">https://orcid.org/0000-0001-6939-9281</a>
Саймасева Аружан Айдарханқызы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, PhD, Алматы, Қазақстан, email: <a href="mailto:a.saimassayeva@gmail.com">a.saimassayeva@gmail.com</a> , ORCID ID <a href="https://orcid.org/0000-0003-4138-7283">https://orcid.org/0000-0003-4138-7283</a>
Абдирайымова Гүлмира Сериқовна	Профессор кафедрa социологии и социальной работы КазНУ им. аль-Фараби, доктор социологических наук, Алматы, Казахстан, email: <a href="mailto:gulmira.abdiraimova@kaznu.kz">gulmira.abdiraimova@kaznu.kz</a> , ORCID ID <a href="https://orcid.org/0000-0001-6939-9281">https://orcid.org/0000-0001-6939-9281</a>
Саймасева Аружан Айдархановна	Преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, PhD, Алматы, Казахстан, эл.почта: <a href="mailto:a.saimassayeva@gmail.com">a.saimassayeva@gmail.com</a> ORCID ID <a href="https://orcid.org/0000-0003-4138-7283">https://orcid.org/0000-0003-4138-7283</a>
Gulmira Abdiraimova	Al-Farabi Kazakh National University, Professor of the Department of Sociology and Social Work, Doctor of Sociological Sciences, Almaty, Kazakhstan, e-mail: <a href="mailto:gulmira.abdiraimova@kaznu.kz">gulmira.abdiraimova@kaznu.kz</a> , ORCID ID <a href="https://orcid.org/0000-0001-6939-9281">https://orcid.org/0000-0001-6939-9281</a>
Aruzhan Saimassayeva	Instructor al-Farabi Kazakh National University, PhD, Almaty, Kazakhstan, e-mail: <a href="mailto:a.saimassayeva@gmail.com">a.saimassayeva@gmail.com</a> ), ORCID ID <a href="https://orcid.org/0000-0003-4138-7283">https://orcid.org/0000-0003-4138-7283</a>